

Ақтөбе қаласы мүгедектері үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 21 қазандағы № 4405 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 9 қарашада № 5125 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 23 ақпандағы № 927 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласы әкімдігінің 23.02.2022 № 927 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9, 27 баптарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы", нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 14010 болып тіркелген бұйрығына сәйкес, Ақтөбе қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе қаласының мүгедектері үшін жұмыс орындарының квотасы ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде:

елуден жүз адамға дейін – екі пайыз мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – үш пайыз мөлшерінде;

екі жүз елу бір адамнан жоғары – төрт пайыз мөлшерінде жұмыс орындары санынан белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Қабылға жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

І.Испанов